



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 05 » 04 2022 жылғы N 49
Нұр-Сұлтан қаласы

**«Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы» қалалық
конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК (бұдан әрі – орталық) жоспарына сәйкес тіл білімі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы Ахмет Байтұрсыновтың тарихи-мәдени мұрасын насихаттау, педагогтердің инновациялық және шығармашылық әлеуетін дамытуға қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы» қалалық конкурсы 2022 жылғы 1-30 сәуір аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтері арасында өткізілсін.

2. «Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы» қалалық конкурсының (бұдан әрі – конкурс) ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

3. Конкурстың ұйымдастырушылар алқасы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Конкурстың қазылар алқасы құрамы 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

5. Конкурсты ұйымдастыру және өткізуді қаржыландыру шығыстарын сметаға сәйкес төленуін қамтамасыз етілсін (Есхожина Ж.Д.).

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау орталық басшысының орынбасары Д. Байтасовқа жүктелсін.

Басшы

С. Мадеев